

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«МИНИСТЕРСТВО
КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____

город Астана

«Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамының 2025 жылғы жылдық қаржылық есептілігін, 2025 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін, жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, бір жай акциясына шаққандағы дивидендтердің мөлшерін бекіту туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56-бабының 2-тармағына, «Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысының 2026 жылғы 28 мамырдағы № 3 хаттамалық шешіміне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2026 жылғы 29 мамырдағы №КГИП-02-КГ/5675 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам), орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 4-үй, банктік және басқа да деректемелері: БСН: 980640000529, БСК: ККМҒКЗ2А, ЖСК: KZ74070KK1KS00025004, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ, БСК: IRTYKZKA, ЖСК: KZ7396503F0009626800 «ForteBank» АҚ, КБЕ 17, 2025 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 2025 жылғы 61 929 748 (алпыс бір миллион тоғыз жүз жиырма тоғыз мың жеті жүз қырық сегіз) теңге 18 тиын мөлшеріндегі таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі айқындалсын:

1) таза кірістің 70 (жетпіс) пайызын құрайтын 43 350 823 (қырық үш миллион үш жүз елу мың сегіз жүз жиырма үш) теңге 73 тиын мөлшеріндегі сома республикалық бюджет кірісіне дивидендтер төлеуге жіберілсін;

2) таза табыстың 30 (отыз) пайызын құрайтын 18 578 924 (он сегіз миллион бес жүз жетпіс сегіз мың тоғыз жүз жиырма төрт) теңге 45 тиын мөлшеріндегі сома дамытуға Қоғамның иелігінде қалдырылсын.

3. Бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері – 6 (алты) теңге 66 тиын (дивидендтер есептелген күнге Қоғамның орналастырылған акцияларының саны - 6 512 652 дана) болып айқындалсын.

4. Қоғамның Басқарма төрағасы К.Б. Ойшыбаев:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен Қоғамның мемлекеттік акциялар пакеті бойынша дивидендтердің аударылуын қамтамасыз етсін;

2) жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында электрондық есептің орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Мәдениет және ақпарат министрі

А. Балаева

